


БЕКТЕМІН
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті» КеАҚ
Басқарма мүшесі Ғылым және
коммерциаландыру жөніндегі проректор
Ж. Құрманғалиева
« 08 » 19 2025ж.

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ. ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

Редакция саясаты БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, баспа ісі, қоғаммен байланыс саласына қатысты ғылыми мақалаларды жариялау кезінде журнал басшылыққа алатын принциптер мен процедураларды анықтайды. Сонымен бірге жарияланатын барлық материалдардың жоғары сапасын, ғылыми адалдығын және этикалық стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Редакция саясаты академиялық баспа саласындағы үздік тәжірибелерге негізделген және Жариялау этикасы комитетінің (COPE) ұсынымдарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес дайындалды. Осы нұсқаулықты ұстану ғылыми этиканың жоғары деңгейін және жарияланатын жұмыстардың сапасын сақтауға негіз болады.

1.1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы (бұдан әрі - Журнал) БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, баспа ісі, қоғаммен байланыс бойынша бірегей жоғары сапалы мұқият іріктелген түпнұсқа еңбектерді жариялауға маманданған ғылыми рецензияланатын журнал болып табылады.

1.2. Журнал 1995 жылдан бері басылып келеді. Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. Қайта есепке қою куәлігі № KZ07VPY00032398. Берілген күні: 15.02.2021 ж.

1.3. Сериялық басылымдардың стандартты нөмірлерінің халықаралық орталығы журналға: ISSN баспа нұсқасы (Print) 2616-7174, ISSN электронды нұсқасы (Online) 2663-2500 индексін берді.

1.4. Журналдың шығу жиілігі: үш айда бір рет, жылына 4 рет.

1.5. Журнал сайты: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main>

1.6. Журналдың құрылтайшысы және басып шығарушысы «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ болып табылады. Мекен жайы: индекс 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2, ЕҰУ-дің оқу-әкімшілік (бас) ғимараты.

1.7 Редакциялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Редакциялық алқаның шешімімен енгізіледі.

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

2.1 Журналдың редакциясының негізгі мақсаты:

- журналистика мәселелерін шешуде қазақстандық академиялық ғылым дәстүрлерін әлемдік журналистиканың жетістіктерімен байланыстыру арқылы кешенді тәсілді іске асыру үшін шығармашылық тәжірибе алмасу және пікірталас алаңын құру болып табылады.

2.2 Журнал Қазақстандық ғылыми-ақпараттық жүйенің бір бөлігі ретінде материалдарды жариялау арқылы келесі міндеттерді шешуге қатысады:

- жоғары оқу орындарында ғылыми коммуникацияларды дамытуға жәрдемдесу, журнал шеңберінде ғылыми мектептер мен бағыттарды қалыптастыру, БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, баспа ісі, қоғаммен байланыс саласындағы басым ғылыми зерттеулерді ақпараттық қолдау, ұтымды ғылыми идеяларды насихаттау;

- ғылыми мақалаларды рецензиялауға журналистика саласының шетелдік жетекші ғалымдары мен білікті мамандарын тарту және олардың еңбектерін басылымда жариялауға ынталандыру және ғылыми ынтымақтастыққа қол жеткізу;

- журналистика саласындағы жетекші ғалымдар мен мамандардың арасында диалог пен білім алмасу үшін ақпараттық платформа жасауды қамтамасыз ету;

- ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, баспа ісі, қоғаммен байланыс саласында теориялық, қолданбалы және практикалық маңызы бар өздерінің іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға, ғылыми жұмыстардың жаңа нәтижелері туралы отандық және әлемдік кәсіби қоғамдастықты хабардар етуге мүмкіндік беру;

- журналистика бойынша зерттеу нәтижелерін ұсыну;

- тиісті білім салаларында жоғары ғылыми стандарттарды сақтау мақсатында жетекші ғалымдарды, мамандарды рецензиялау процесіне тарту;

- географиялық және институционалдық шеңберлерге қарамастан журналистика саласындағы жаңа зерттеулермен ғылымды байыту;

- журналистика саласындағы әдіснамалық және теориялық жаңалықтарды көрсету;

- мақаланы редакциялық өңдеу кезеңін қысқартуға және журналға материалдарды берудің икемді кестесін қалыптастыруға ұмтылу;

- журналға халықаралық кеңістікте терең зерделенген жаңа идеяларды біріктіру және оларды талқылау үшін журналдың ғылыми алаңын ұсыну;

- журналдың редакциялық алқасының мақала құрылымына әзірленген талаптар бойынша авторлармен жүйелі жүргізілген жұмысы арқылы ел ішіндегі ғылыми мақалалардың деңгейін арттыру;

- Қазақстандық БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа саласы бойынша жаһандық (оның ішінде ғылымиметриялық деректер базасына енгізу арқылы) ғылыми кеңістікке қосу;

- тиісті білім салаларында жетекші ғалымдарды, мамандарды рецензиялау процесіне тартудың арқасында жоғары ғылыми стандарттарды сақтау;

- мақаланы редакциялық өңдеу мерзімін қысқартуға ұмтылу және журналға материалдарды жіберудің икемді кестесін қолдау; (қайталау)

- қазақстандық ғалымдардың халықаралық ғылыми қоғамдастыққа қосу;

- журналды «ашық қолжетімді» (Open access) ғылыми басылым ретінде дамыту;

- журналдың халықаралық деректер қорында және ашық электрондық ресурстарда болуын кеңейту;

- шетелдік оқырмандарға журналдың қолжетімділігін арттыру үшін - зерттеудің кеңейтілген қысқаша мазмұнын (Abstract), кілт сөздерді (Keywords) ағылшын тілінде жариялау және әдебиеттер тізімін (References) латын әліпбиінде қайталау.

3. Журналдың бағыты мен жиілігі

3.1 Журналда БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, баспа ісі, қоғаммен байланыс саласындағы теориялық және қолданбалы мәселелер бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

3.2 Тақырыптық бағыты: БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа, публицистика, кітаптану, қоғаммен байланыс пен баспа ісінің тарихы, теориясы мен тәжірибесі туралы зерттеулер.

3.3 Басылымның жариялану жиілігі - жылына 4 рет, үш айда бір рет (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

4. Еркін қолжетімділік саясаты

Журнал мазмұнына бірден ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін келесі қағидаларға негізделген: зерттеу нәтижелеріне еркін қолжетімділік білімнің жалпыға бірдей артуына ықпал етеді. Журналдың ресми сайты барлық мүдделі тұлғалар мен авторларды ғылыми журнал туралы қажетті ақпаратпен және мақалаларды жариялау шарттарымен қамтамасыз етеді.

(мақалалар мұрағатына сілтеме: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/issue/archive>)

5. Мұрағаттау

Ғылыми журналдардың электронды нұсқалары қорды қалыптастыру және электронды кітапханаға қосу үшін «МҒТСҰО» АҚ-на жіберіледі. Журнал <https://elibrary.ru/> сайтындағы материалдарды мұрағаттайды.

6. Мақаланы жариялау шарттары

Ғылыми мақала - ғылыми зерттеудің, эксперименттік немесе аналитикалық қызметтің автордың жеке тұжырымдарын, аралық немесе қорытынды нәтижелерін баяндау. Ол бұрын жарияланбаған және

жаңашылдыққа не авторлық әзірлемелерді, тұжырымдарды, ұсыныстарды қамтиды; немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарастыруға арналған (жүйелі шолу).

Ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады және олар бұрын еш жерде - баспа немесе электрондық түрде - жарияланбаған болуы тиіс.

Редакцияға мақаланың соңғы нұсқасы жолданған күн мақаланың қабылданған күні болып есептеледі.

Редакция мәтінге мақаланың мағынасы бұрмаланбайтын редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Шетелдік авторлардың мақалалары, сондай-ақ ағылшын тіліндегі мақалалар әр журнал нөміріндегі жарияланымдардың жалпы санының кемінде 1/3 бөлігін құрайды. Журналдың әр нөмірінде қазақстандықтармен сабақтас авторлығы жоқ шетелдік автордың 1 (бір) мақаласы жариялануы ескеріледі.

Журналды басып шығаратын университетке қатысы жоқ авторлардың ғылыми мақалалары әр журнал нөміріндегі жарияланымдардың жалпы санының кемінде 50% (елу пайызын) құрауы қажет.

Журналдың бір нөмірінде автор бірлескен авторлықты қоса **алғанда бір ғана мақаласын жариялай** алады. Бір автордың мақаласы (жеке дайындалған, немесе сабақтас авторлармен бірге) журналдың екі нөмірінде қатарынан жарияланбайды.

Тек антиплагиат жүйесі арқылы тексерілгеннен **кейін 75%** немесе одан жоғары түпнұсқалығы бар қолжазбалар ғана әрі қарай рецензиялауға жіберіледі.

Жариялау кезегіндегі басымдық халықаралық деректер базаларында - әсіресе Web of Science пен Scopus-та ғылыми профилі бар және жоғары ғылыми белсенділік танытқан авторларға беріледі.

Журналға мақала жариялауға қол жеткізу үшін мақалаларды дайындау кезінде автор ғылыми мақаланың құрылымын қатаң сақтауы және рәсімдеу ережелерін басшылыққа алуы қажет.

Мақаланы рәсімдеу параметрлері: бет - А4, кітаптың бағдарлануы, ені бойынша туралануы, барлық жағынан шеттері - 20 мм. Қаріп: типі – Times New Roman, өлшемі (кегль) – 14, жоларалық интервал – 1, «Азат жол» шегінісі – 1,0 см.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаны, кілт сөздерді, библиографиялық тізімді қоспағанда) кемінде 6 беттен (3 000 сөз) және 16 беттен (7 000 сөз) аспауы керек.

Ғылыми мақаланың құрылымы:

Ғылыми мақаланың құрылымына IMRAD (ИМРАД) (түпнұсқа мақалалар үшін), тақырып, аңдатпа, кілт сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса), әдебиеттер тізімі кіреді.

- FTAMP

- Автор(лар)дың ТАӘ (ORCID бастырмасын басу арқылы)

• Автор(лар)дың жұмыс орны, қала, мемлекет, индекс, электронды поштасы

- Мақаланың атауы
- Аңдатпа
- Кілт сөздер
- Кіріспе
- Зерттеу материалдары мен әдістері
- Нәтижелер және оларды талқылау
- Қорытынды
- Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса)
- Авторлардың қосқан үлесі
- Әдебиеттер тізімі
- Авторлар туралы ақпарат

Автор(лар)дың дербес деректерінде жұлдызша (*) негізгі авторды (автор корреспондентті) белгілейді. Автор(лар)дың ТАӘ әрқайсысының жұмыс орнымен индекстеледі. Мысалы:

С.К.Искендірова^{*1}, С.Ж.Зейнолла²

*1 ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының
Ақмола облысы бойынша филиалы, Көкшетау, Қазақстан*

*²Қазақстан-Неміс университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹sl96@gmail.com, ²saule@gmail.com)*

Ескерту: *хат-хабар авторы

Ғылыми жетекшісі докторант дайындаған мақалаға рецензия берген жағдайда ғана ол қосавторлары жоқ мақаланы жариялауға рұқсат етіледі.

Магистранттар мен докторанттардың жұмыстары ғылым докторы немесе кандидаты, сондай-ақ PhD қосавторлықта жазған жағдайда ғана жариялануы мүмкін.

Мақаланы рәсімдеу тәртібі

Тақырыпқа сәйкес *XFTAP* (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы) <http://www.grnti.ru> сайтынан анықтауға болады. Ол мақала қолжазбасының сол жақ жоғары бұрышында көрсетіледі. (Сол жақ шетке туралау, қаріп – жартылай қалың, өлшемі – 14). Стильдік файлды <https://buljourn.enu.kz/> журнал сайтынан жүктеуге болады.

Автор(лар). FTAMP кейін жол арқылы автор(лар)дың аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қаласы, елі, пошта индексі көрсетілуі тиіс. Ұйымның немесе мекеменің атауы, кафедра немесе департаментке қатысы қысқартуларсыз толық болуы тиіс. Бірнеше автор болса, олардың өздері мақалада аталуы тәртібі туралы шешімді қабылдайды және оның мазмұны үшін толық жауап береді. **Авторлар саны - 3- тен артық емес.** (Туралау- ортасында, қаріп - қалыпты, кегль -14).

Авторлардың ORCID iD көрсету

- ORCID iD әрбір автор үшін міндетті. Барлық авторлардың ORCID нөмірлері көрсетілмеген қолжазбалар рецензиялауға қабылданбайды.
- Әр автор <https://orcid.org> сайтында тіркеліп, өз ORCID iD мақалада көрсетуі тиіс.

Мақалада ORCID көрсету тәртібі:

1. Мақала «маңдайшасында» автор аты-жөні жанында ORCID ресми таңбасы (логотипі) қойылады және ол автордың ORCID жүйесіндегі профиліне апаратын **гиперсілтемемен** байланыстырылуы тиіс (формат: <https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>);

2. ORCID таңбашасында міндетті түрде «клик» функциясы қосылуы және автордың жеке парақшасына тікелей өтуі қажет.

Редакция рецензиялау және мақаланы қабылдау кезеңінде әр автордың ORCID iD деректерін сұрауға немесе нақтылауға құқылы.

Мақала атауы ортада, бас әріптермен, қалың қаріппен, тік сызықпен, кегль -14 түрінде жазылады. Мақаланың соңында басқа екі тілде, яғни орыс, ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде болса), қазақ, ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде болса), қазақ және орыс тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде болса).

Аңдатпа (Аннотация/Abstract) зерттеудің маңызды нәтижелер мен олардың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы көрсетіледі. Аңдатпада зерттеудің мәні мен қолданылған әдістері баяндалады, ең маңызды нәтижелер мен олардың маңыздылығы жинақталады. Аңдатпада мақаланың қысқаша мазмұнын, оның мәнін, мақсатын, зерттеудің жалпы тақырыбын, мәселенің, объектінің, тақырыптың қысқаша сипаттамасын көрсетуі керек.

Аңдатпа көлемі 150-300 сөзден кем болмауы тиіс. Мақаланың соңында әдебиеттен кейін басқа екі тілде, яғни орыс, ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде болса), қазақ, ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде болса), қазақ және орыс тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде болса) жазылады. (Туралау-ені бойынша, қаріп - қалыпты, кегль -14).

Аңдатпа құрылымы келесі бөлімдерді қамтиды:

- зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз;
- ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеясы;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары;
- жүргізілген зерттеудің мәні (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі);
- жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні.

Кілт сөздер (Ключевые слова/Key words) ғылыми мақаланың мәтінін іздеу және оның пәндік саласын анықтау үшін қолданылады. Ұсынылатын көлемі 5-7 сөзден немесе сөз тіркесінен аспауы тиіс. Негізгі ұғымдар аңдатпадан кейін екі өзге тілде, яғни:

мақала казак тілінде болса - орыс және ағылшын тілдерінде;

мақала орыс тілінде болса - қазақ және ағылшын тілдерінде;
мақала ағылшын тілінде болса қазақ және орыс тілдерінде) беріледі.
(Туралау - ені бойынша, қаріп кәдімгі, қаріп өлшемі - 14).

Негізгі ұғымдар мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі керек: зерттеудің пәндік саласын анықтап, мақала мәтінінде кездесуі тиіс. Негізгі ұғымдар бір-бірінен үтір арқылы бөлінеді.

Әр мақалаға DOI (ДОИ) тағайындалуы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>

Түсті: 09.04.2023 Мақұлданды: 12.05.2023. Онлайн қолжетімді: 30.09.2023

Негізгі бөлім мынадай құрылымдық бөліктерден тұрады (азат жолдан жазылады, жартылай қалың қаріппен ерекшеленеді):

КІРІСПЕ мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- Тақырыпты таңдаудың негіздемесі; тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттау негізінде тақырыпты таңдауды негіздеуде проблемалық жағдайдың болуы (қандай да бір зерттеулердің болмауы, жана объектінің пайда болуы және т.б.) туралы хабарланады. Тақырыптың өзектілігі осы нысанды зерттеуге деген жалпы қызығушылықпен анықталады, бірақ бар сұраққа толық жауаптардың болмауы тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді.

- Нысанды, тақырыпты, мақсат пен міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезаны және жұмыстың мағынасын анықтау. Зерттеудің мақсаты тезисті дәлелдеумен, яғни автордың таңдаған аспектісіндегі зерттеу тақырыбын ұсынумен байланысты.

- Әдебиеттерге шолу (Literature review) бөлімінде зерттелетін тақырыбы бойынша шетелдік авторлардың іргелі және жаңа еңбектері, олардың ғылыми үлестері тұрғысынан осы еңбектерді талдау, сондай-ақ зерттеудегі олқылықтар қамтылуы тиіс.

- Шығармаға қатысы жоқ көптеген сілтемелерге немесе автордың өз жетістіктері туралы орынсыз пікірлерге, автордың алдыңғы жұмыстарына сілтеме жасауға жол берілмейді.

Әдіснама материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек.

Зерттеу материалының сипаттамасы оны сапалық және сандық тұрғыдан ұсынуды қамтиды. Материалдың сипаттамасы - тұжырымдар мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.

Бұл бөлімде мәселенің қалай зерттелгені сипатталады: бұрын жарияланған процедураларды қайталамай-ақ егжей-тегжейлі ақпарат; материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде міндетті түрде жаңалық енгізе отырып, зерттеу құралын (бағдарламалық жасақтаманы) сәйкестендіру және материалдарды сипаттау қолданылады.

Ғылыми әдіснама мыналарды қамтуы керек:

- зерттеу сұрақтары;
- ұсынылған гипотеза (тезис);
- зерттеу кезеңдері;
- зерттеу әдістері.

Этикалық мәселелер

Егер зерттеуге адамдар қатысса, авторлар зерттеу тиісті мекеменің этика комитеті немесе бақылау кеңесі тарапынан мақұлданғанын нақты көрсетуі керек. Авторлар комитеттің атауын, мақұлданған күнін және этикалық рұқсаттың тіркеу нөмірін көрсетуі қажет (егер бар болса). Сонымен қатар, зерттеуге қатысқан барлық қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынғаны көрсетілуі тиіс. Жеке немесе құпия ақпарат жиналған жағдайда, қатысушылардың құпиялылығын қорғау шаралары нақты көрсетілуі тиіс.

Үлгі:


«Зерттеу (мекеме атауы, рұқсат нөмірі: XXXX, күні: КК.АА.ЖЖЖЖ) Этика комитетімен мақұлданған. Барлық қатысушылар зерттеуге қатысар алдында жазбаша түрде ақпараттандырылған келісім берді. Респонденттердің құпиялылығы мен анонимдігі зерттеу барысында толық сақталды».

Нәтижелер мен талқылау (Findings/Discussion) - мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі. Бөлімде зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау жұмысы жүргізіледі. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындылар ұсынылады, зерттеудің негізгі мәні ашылады. Бұл бөлімде жұмыс нәтижелерін нақты талдау және алдыңғы жұмыстармен. талдаулармен және қорытындылармен салыстыра отырып тиісті нәтижелерді талқылау қажет.

Кестелер тікелей жұмыс мәтініне енгізіледі. Олар нөмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме жасалуы керек. Суреттер, графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік сызбалар 600 dpi ажыратымдылығымен орындалуы керек. Суреттерде барлық мәліметтер нақты көрсетілуі керек.

2-сурет ЖОО студенттерін, қабылдау, бітіру және сандық динамикасы

Мысалы:



Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

1-Кесте. Келген елдер бойынша шетелдік студенттердің саны [14]

Келген елдер	2017	2018	2019	2020	2021
Өзбекстан	3 683	9 500	25 964	15 642	14 404
Индия	3 500	3717	4450	4220	5 937
Түркменстан	1 320	2 615	3 176	2 795	2 795
Ресей Федерациясы	1 075	1 273	1 247	1 298	1 263
Монғолия	439	565	888	1128	1010
Қытай	1290	1240	807	871	811
Қырғызстан	1 026	1 026	1 026	1 067	659
Иордания	60	62	228	515	546
Басқа елдер	1 505	1 671	1 683	1 533	1 462

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

Қорытынды (Conclusion) – осы кезеңдегі жұмысты тиянақтау және қорытындылау; автор айтқан тұжырымның ақиқатын растау және алынған нәтижелерді ескере отырып жасаған автордың қорытындысы. Қорытындылар дерексіз болмауы керек, олар ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып, белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін сипаттау үшін пайдаланылуы керек.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Қаржыландыру көздерін және басқа жарналарды, алғыс айтуды, мүдделер қақтығысын көрсетіңіз.

Авторлардың қосқан үлесі. Бұл бөлімде мақаладағы жұмыста әр автордың қосқан үлесі көрсетілуі керек. Жұмысқа қосқан үлесі – онсыз жұмыстың бір бөлігі немесе жалпы жұмыс аяқталмайтындай немесе мақала жазылмайтындай зияткерлік инвестиция. Зерттеуге қосқан үлесі келесі өлшемдерге негізделген адамдар мақала авторы бола алады:

- мақаланың тұжырымдамасын немесе рәсімделуіне елеулі үлесі, зерттеу нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру;
- мәтін жазу және/немесе оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау;
- жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту;
- жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісім беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеу және шешу.

Мақаланы дайындауда басқа рөл атқарған адамдар мақаланың «Алғыс / Acknowledgements» бөлімінде көрсетілуі мүмкін.

Үлгі ретінде келтірілген тұжырымдар толық емес, әрбір автордың ерекше үлесін көрсету, оның мақала жазуға қатысуын нақтылау ұсынылады. Егер авторлардың үлесі тәжірибелерді жүзеге асыруға қатысты болса, мақала түпнұсқасында тәжірибелік жұмыс әр кезеңінің атауы көрсетілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Барлық мақалалар, жарияланымдар және материалдар баспаға жіберілген кезде Гарвард сілтеме стилінің талаптарына сәйкес рәсімделген пайдаланылған әдебиеттер тізімімен бірге берілуі тиіс.

Мәтін ішіндегі сілтемелер (Harvard стилі)

Мақаладағы барлық сілтемелер Гарвардтың сілтеме беру стиліне сәйкес рәсімделеді. Дөңгелек жақша ішінде автордың тегі және жарияланған жылы, қажет болған жағдайда – бет нөмірі көрсетіледі:

- парафраз жасағанда: (Ахметжанова, 2016)
- сөзбе-сөз дәйексөз келтіріп, бет нөмірін көрсеткенде: (Ахметжанова, 2016, б. 15)
- автор мәтіннің өзінде аталған жағдайда: Ахметжанова (2016, б. 15) пікірінше, ...
- бірнеше авторы бар еңбекке сілтеме жасағанда: (Tsinidou, Gerogiannis & Fitsilis, 2010).

Әдебиеттер тізімін рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар:

Сілтемелер құрылымы:

- Автор(лар), жарияланған жылы, жұмыс атауы, басылым атауы (егер бар болса), баспасы, басылған қаласы.
- Егер бұл онлайн ресурс болса, толық сілтеме (URL) және оған жүгінген күн көрсетілуі тиіс.

Гарвард стиліндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу туралы ақпаратты келесі сілтеме бойынша көруге болады: <https://www.mendeley.com/guides/harvard-citation-guide>

Бұл ресурс Гарвард стилінің талаптарына сәйкес дәйексөздер мен библиографиялық сілтемелерді дұрыс рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар мен мысалдарды қамтиды.

*Құжат Microsoft Office Online сайтынан жүктелді: <https://pnll-word-view.officeapps.live.com/>.

Гарвард стилінде (Harvard style referencing) әдебиеттер тізімін рәсімдеу:

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова, С.Б. (2016) «Қазақстандағы жоғары білім: даму мәселелері мен перспективалары», Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Химия. География. Экология сериясы, №5, б. 10-18. DOI: 10.32523/2789-4320-2024-1-х-х. - журнал

2. Тоқаев, Қ. (2019) «Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтетін жыл сайынғы тамыз конференциясы, 16.08.2019». Zakon.kz [Онлайн]. Қолжетімді: <https://www.zakon.kz/redaksiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> (Қол жеткізілген күні: 25 шілде 2023 ж.). - электрондық ресурс

3. Tsinidou, M., Gerogiannis, V. and Fitsilis, P. (2010) «Evaluation of the factors that determine quality in higher education: An empirical study», Quality Assurance in Education, 18(3), pp. 227-244. DOI: 10.1108/09684881011058669. - ағылшын тіліндегі журнал.

4. Гректер, Б. (1939) Тарих және кино. Кеңестік тарихи фильм. Москва: Госкиноиздат. кітап

5. КСРО Министрлер Кеңесі (1958) «КСРО ІІМ балалар колонияларының мазмұнын жақсарту шаралары туралы қаулы», КСРО ҚК Президиумының заңдары мен жарлықтарының жинағы, 1938-1958 жж. Мәскеу: Госкиноиздат, 604 б. - заңнамалық және нормативтік құжаттар

6. Нурғалиев, Р.Н. (ред.) (1986) Караганда. Карагандинская область: Энциклопедия. Алма-Ата. - энциклопедия

7. Ромашова, М.В. (2009) «Исключение из правил: советские детские дома в послевоенное десятилетие», в Астафьевские чтения: конференция «Время «веселого солдата»: ценности послевоенного общества и их осмысление в современной России», Пермь, стр. 108-116. материалы конференций

8. Ромашова, М.В. (2006) Советское детство в 1945 - середине 1950-х гг.: Особые проекты и провинциальные практики: на материалах Молотовской области: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторической науки. Пермь. - автореферат диссертации

9. OpenAI (2025) ChatGPT (генеративті жасанды интеллект интерфейсі). Қол жетімді: [https:// chat.openai.com/chat](https://chat.openai.com/chat) (Қаралған күні: 2025 жылғы 1 маусым)

Мәтін ішіндегі сілтемелер мен «Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі» библиографиялық жазбалар бір-бірімен толық сәйкес болуы және Гарвард стилінің бірізді нұсқасына сай келуі тиіс.

*Мақаланың негізгі мәтіні мен әдебиеттер тізімінен кейін мақаланың жазу тілінен басқа екі тілде - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аңдатпалар, мақала атауларын беру қажет:

С.К. Искендинова¹, С.Ж. Зейнолла²

¹Филиал Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Акмолинской области, Кокшетау, Казахстан

²Казахстанско-Немецкий университет, Алматы, Казахстан

Вопросы оценки системы высшего образования в Казахстане и управления ее качеством

Аннотация.

Ключевые слова:

S.K. Iskenderova¹, S.Zh. Zeinolla²

¹The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, Kokshetau, Kazakhstan

²German-Kazakh University, Almaty, Kazakhstan

Assessment of the Higher Education System of Kazakhstan and Issues of Its Quality Management

Abstract.

Keywords:

Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі - түпнұсқада, екіншісі - романизацияланған алфавитпен (транслитерация).

Романизацияланған әдебиеттер тізімі келесідей болуы керек: транслитерация - <http://www.translit.ru>

Үлгі:

References

1. Ahmetzhanova, S.B. (2016) «Kazakstandagy zhorary bilim: damu мәseleleri men perspektivalary», L.N. Gumilev atyndary EYU habarshysy. Himija. Geografija. Jekologija serijasy, №5, b. 10-18. DOI: 10.32523/2789-4320-2024-1-h-h. [Ресейде]
2. Tokaev, K. (2019) «Memleket Basshysy Kasym-Zhomart Тоқаевтың katysuymen otetin zhyl sajynry tamyz konferencijasy, 16.08.2019». Zakon.kz [Onlajn]. Kolzhetimdi: <https://www.zakon.kz/redaksiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> (Kol zhetkizilgen kyni: 25 shilde 2023 zh.).
3. Tsinidou, M., Gerogiannis, V. and Fitsilis, P. (2010) «Evaluation of the factors that determine quality in higher education: An empirical study», Quality Assurance in Education, 18(3), pp. 227-244. DOI: 10.1108/09684881011058669... [in Russian]
4. Grekter, B. (1939) Tarih zhəne kino. Kehestik tarihi fil'm. Moskva: Goskinoizdat.
5. KSRO Ministrler Кеңesi (1958) «KSRO IIM balalar kolonijalaryнyn mazmynyn zhaksartu sharalary turaly kaulы», KSRO KK Prezidiumynyn zandary men zharlyktaryнyn zhinary, 1938-1958 zhzh. Məskeu Goskinoizdat, 604 b..) [in Russian]
6. Nurgaliev, R.N. (red.) (1986) Karaganda. Karagandinskaja oblast': Jenciklopedija. Alma-Ata.
7. Romashova, M.V. (2009) «Iskljuchenie iz pravil: sovetskie detskie doma v poslevoennoe desjatiletie», v Astafevskie chtenija: konferencija «Vremja «veselogo soldata»: cennosti poslevoennogo obshhestva i ih osmyslenie v sovremennoj Rossii», Perm', str. 108-116...) [in Russian]
8. Romashova, M.V. (2006) Sovetskoe detstvo v 1945 - seredine 1950-h gg.: Osobyе proekty i provincial'nye praktiki: na materialah Molotovskoj oblasti: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskoy nauki.

Perm'.* Содан кейін сіз 3 тілде «авторлар туралы мәлімет» беруіңіз керек. .) [in Russian]

9. OpenAI (2025) ChatGPT (generativti zhasandy intellekt interfejsi). Kol zhetimdi: <https://chat.openai.com/chat> (Karalran kyni: 2025 zhyly I mausym)

«Авторлар туралы мәліметте» барлық деректерді көрсетіңіз - хат-хабар үшін автордың аты-жөні, ғылыми дәрежесі, мамандығы, лауазымы, жұмыс істейтін ұйымы, мекен-жайы, индексі, қаласы, елі - толығымен.

Мысалы:

Авторлар туралы мәлімет:

Искендірова С.К. - хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалының профессоры, Абай көшесі, 87, 020000, Көкшетау, Қазақстан

Зейнолла С.Ж. - PhD, жоба жетекшісі, Қазақстан-Неміс университеті, Пушкин көшесі, 111, 050000, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Искендірова С.К. - автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, профессор Филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Акмолинской области, ул. Абая, 87, 020000, Кокшетау, Казахстан

Зейнолла С.Ж. - PhD, руководитель проекта, Казахстанско-Немецкий университет, ул.Пушкина, 111, 050000, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Iskendirowa S.K. - corresponding author, PhD in economics, Professor of The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, 87 Abai str., 020000, Kokshetau, Kazakhstan

Zeinolla S.Zh. - PhD in economics, project manager, German-Kazakh University, Pushkin str., 111, 050000, Almaty, Kazakhstan

7. Мақаланы жариялаудан бас тарту негіздері

7.1 Мақала плагиатқа қарсы тексеруден өтпеді;

7.2 Мақала бойынша екі теріс рецензияның болуы;

7.3 Журнал саясатының техникалық талаптарына сәйкес келмеуі;

7.4 Автор рецензенттер ұсынған түзетулерді енгізбеді;

7.5 Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде жасанды түрде генерацияланған мәтіннің бар екендігі анықталды;

7.6 Брокерлер мен/немесе делдал ұйымдардың сыртқы көмек жүйесін пайдалану.

8. Авторлық құқық. Осы журналда жариялайтын авторлар келесі талаптармен келіседі: авторлық құқықты сақтайды және журналға Creative Commons Attribution License лицензиясы негізінде жұмысты алғашқы жариялау құқығын береді, бұл басқаларға осы жұмысты түпнұсқа туындысының авторларына және осы журналдағы түпнұсқа басылымға сілтемелерді міндетті түрде сақтай отырып таратуға мүмкіндік береді. Авторлар осы Журналда оның бастапқы жариялануына сілтеме жасай отырып, жұмыстың нұсқасын осы жерде жарияланған түрде (мысалы, оны университет қоймасында орналастыру, кітапта жариялау) эксклюзивті емес таратуға қатысты жеке келісім-шарт жасасу құқығын сақтайды. Авторлар өз жұмыстарын осы Журналды қарау процесіне дейін және сол уақытта Интернетте орналастыруға құқылы (мысалы, университет қоймасында немесе жеке сайтта), өйткені бұл өнімді талқылауға және осы жұмысқа көбірек сілтеме жасауға әкелуі мүмкін (The Effect of Open Access қараңыз).

9. Құпиялылық

Осы журналдың веб-сайтына енгізілген атаулар мен электрондық пошта мекен жайлары тек осы журналда белгілеген мақсаттар үшін пайдаланылады және басқа мүдде үшін пайдаланылмайды немесе өзге адамдар мен ұйымдарға берілмейді.

10. Рецензиялау тәртібі

Журнал редакциясына келіп түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде екі жақты анонимді рецензиялаудан өтеді (рецензент қолжазба авторларын білмейді, қолжазба авторлары рецензенттерді білмейді). Қолжазбалар бағалау үшін екі рецензентке жіберіледі.

Мақалаларды рецензиялауды редакциялық кеңес және редакциялық алқа мүшелері, сондай-ақ шақырылған рецензенттер тиісті саланың жетекші мамандары жүзеге асырады. Мақалаға сараптама жүргізу үшін қандай да бір рецензентті таңдау туралы шешімді Бас редактор, бас редактордың орынбасары, ғылыми редактор, редакция меңгерушісі қабылдайды.

Рецензиялау мерзімі 4 аптаға дейін, бірақ рецензенттің өтініші бойынша ол ұзартылуы мүмкін. Әрбір рецензент қолжазба материалдарын қабылдау мен түсіндіруде көрініс табатын мүдделер айқын қайшылығы болған жағдайда рецензиядан бас тартуға құқылы. Қолжазбаны қарау қорытындысы бойынша рецензент мақаланың әрі қарайғы шешімі туралы ұсыныстар береді (рецензенттің әр шешімі негізделеді):

- мақала осы түрде жариялауға ұсынылады;
- мақала рецензент белгілеген кемшіліктерді түзеткеннен кейін жариялауға ұсынылады;
- мақалаға басқа маманның қосымша рецензия қажет;
- мақала журналда жариялануы мүмкін емес.

Егер рецензияда мақаланы түзету және пысықтау бойынша ұсынымдар қамтылса, журналдың редакциясы авторға рецензияның мәтінін мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде оларды ескеру немесе оларды дәлелді

(ішінара немесе толық) теріске шығару ұсынысымен жібереді. Мақаланы пысықтау авторларға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы электрондық хабар жіберілген кезден бастап 1 айдан аспауға тиіс. Автор пысықтаған мақала рецензиялауға қайта жіберіледі.

Авторлар материалдарды пысықтаудан бас тартқан жағдайда, олар мақаланы жариялаудан бас тартқаны туралы редакцияға жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлауға тиіс. Егер авторлар рецензия жіберілген күннен бастап 2 ай өткен соң пысықталған нұсқасын қайтармаса, тіпті авторлардан мақаланы пысықтаудан бас тарта отырып, мәліметтер болмаса да, редакция оны есептен шығарады. Мұндай жағдайларда авторларға қолжазбаның тіркеуден шығарылғаны туралы пысықтауға бөлінген мерзімнің аяқталуына байланысты тиісті хабарлама жіберіледі.

Егер автор мен рецензенттерде қолжазбаға катысты шешілмейтін қайшылықтар болса, редакциялық алқа қолжазбаны қосымша рецензиялауға жіберуге құқылы. Қайшылықтар туындаған жағдайларда шешімді Бас редактор редакциялық алқа отырысында қабылдайды.

Қолжазбаны жариялаудан бас тарту туралы шешім редакциялық алқа отырысында рецензенттердің ұсынымдарына сәйкес қабылданады. Редакциялық алқаның шешімімен жариялауға ұсынылмаған мақала қайта қарауға қабылданбайды. Жариялаудан бас тарту туралы хабарлама авторға электрондық пошта арқылы жіберіледі. Редакциялық алқа мақаланы жариялауға жіберу туралы шешім қабылдағаннан кейін редакция бұл туралы авторға хабарлайды және жариялау мерзімін көрсетеді.

Оң рецензияның болуы мақаланы жариялау үшін жеткілікті негіз болып табылмайды. Жариялау туралы соңғы шешімді редакциялық алқа қабылдайды. Қайшылықтар туындаған жағдайында шешімді бас редактор қабылдайды.

Рецензиялардың түпнұсқалары журналдың редакциясында 5 жыл бойы сақталады.

11. Жария ету саясаты және мүдделер қақтығысы

Қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды. Рецензиялау кезінде алынған және ықтимал артықшылықтармен байланысты ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы және жеке пайда алу мақсатында пайдаланылмауы тиіс.

Рецензенттер ұсынылған жұмысқа байланысты кез келген авторлармен, компаниялармен немесе басқа ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимылдар мен қатынастар салдарынан мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарауға қатыспауға тиіс.

Барлық мүдделі тұлғалар (авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакциялық алқасының мүшелері) мүмкіндігінше жарияланымның барлық кезеңдерінде кез келген вариацияда мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау қажет. Қандай да бір мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, осы қақтығысты ашқан адам бұл туралы редакцияға дереу хабарлауы керек. Бұл жариялау және ғылыми этика

принциптерін, стандарттары мен нормаларын кез келген басқа бұзушылықтарға қатысты.

Жоғарыда айтылмаған авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулығының (Committee on Publication Ethics: COPE, promoting integrity in scholarly research and its publication COPE: Committee on publication Ethics) негізінде шешілетін болады.

12. Қайталау және плагиат

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы» журналының редакциясына келіп түсетін барлық мақалалар <https://antiplagiat.enu.kz/> «Антиплагиат» плагиаттық тексерудің лицензиялық жүйесі арқылы орындалу тәуелсіздігі тексеріледі. Жарияланымға қабылдау үшін мақаланың түпнұсқалығы **75-79% шегінде** мәтіннің түпнұсқалығы кезінде кемінде **80% құрауы** тиіс мақала авторға **80%-ға дейін жеткізу үшін** тиісті негіздемемен пысықтауға жіберіледі. **75%-дан төмен түпнұсқалық** мақалалар қабылданбайды.

Мақала авторлары жұмысты және/немесе басқа авторлардың дәйексөздерін пайдаланған жағдайда, библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер міндетті түрде түпнұсқалық жұмысты ұсынғанына кепілдік беруі керек. Басқа авторлардың еңбектеріне тиісті сілтемелер міндетті болып табылады. Авторлар ұсынылған жұмыстың сипатына шешуші әсер еткен жарияланымдарға сілтеме жасауы керек.

Көптеген көшіріп алу анықталған жағдайда, редакция COPE ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

13. Препринттер мен постпринттерді орналастыру саясаты

Мақаланы ұсыну барысында автор мақаланың жарияланбағанын немесе басқа ғылыми журналда жариялауға қабылданбағанын растауы керек. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы» журналында жарияланған мақалаға сілтеме жасаған кезде баспа журналдың ресми сайтына сілтеме (материалдың толық URL-мекенжайы) орналастыруды сұрайды.

14. Жариялау этикасы

Журнал редакциясы мақаланың автор(лар)ымен тікелей жұмыс істейді және делдал ұйымдармен ынтымақтастық жасамайды.

Редакция брокерлердің немесе өзге ұйымдардың сыртқы көмегін пайдаланбайды. Егер автор(лар) тарапынан осындай сыртқы көмек жүйесін пайдалануы анықталса:

1. Жарияланған мақалалар міндетті түрде кері қайтарылады (ретракция жасалады);

2. Қаралу үстіндегі мақала қайтарылады және оны қайта жіберуге құқық берілмейді.

Журналдың ғылыми басылымының редакциялық саясаты мен этикасы ғылыми мерзімді басылымның этикалық принциптеріне баса назар аударады, олар басылым этикасы комитетінің журнал редакторларына арналған ғылыми жарияланымдар этикасы нұсқаулығында көрсетілген (Committee on Publication Ethics: COPE: Committee on publication Ethics), ең бастысы, келесі талаптарды қамтиды:

1. Мақала болуы қажет:

- жіберу кезінде жарияланбау немесе басқа басылымда қаралу;
- түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтуы керек;
- автор (лар) жұмысының нәтижелерін қосу. Барлық авторлар осы журналдағы жарияланыммен келіседі және мақалада авторларды көрсету тәртібіне қарсы емес деп болжанады;
- дәйексөздер тізімінде зерттеу барысында шынымен пайдаланылған рецензияланған дереккөздерді ғана қамтиды және пайдаланылған барлық дереккөздерді көрсетеді.

2. Авторлар үшін:

Қолжазбаны редакцияға жібере отырып, автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын және жариялау этикасының принциптерін бұзбауын қамтамасыз етеді. Авторлар «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы» журналының баспагеріне шексіз мерзімге айрықша құқықтар береді:

- даналардың таралымын шектемей көбейту құқығы (мақаланы жариялау, жариялау, қайталау, көбейту немесе өзге де көбейту), мақаланы кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте мақаланың әрбір данасында мақала авторының(ларының) аты-жөні болуға тиіс;
- құрама бапқа енгізу құқығы;
- жалпыға ортақ назарға жеткізу құқығы;
- мақаланын метадеректерін (атауы, автордың(автордың) аты-жөні, аңдатпалары, библиографиялық материалдары, мақаланың толық мәтіні және т.б.) тарату және жалпыға ортақ назарға жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған мақаланың толық мәтінді нұсқаларына енгізу арқылы пайдалану құқығы.

Бапқа құқықтарды пайдалануға рұқсат етілген аумақ шектелмейді. Автор(лар) қолжазбаны журналда жариялауға қабылдағаннан кейін және журналдың баспа нөмірін кітапханаларда және басқа ұйымдарда және/немесе мекемелерде жарияланған мақаламен таратқаннан кейін мақаланы журнал сайтында ашық қолжетімділік форматында орналастыруға қарсы емес.

Автор(лар) сондай-ақ, журналдың баспагеріне өзінің дербес деректерін мерзім бойынша шектеусіз (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы мәліметтер) сақтау және өңдеу құқығын береді. Дербес деректер оларды әртүрлі деректер базаларында және ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, оларды аналитикалық және статистикалық есептіліктерге қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен негізделген өзара байланыстарын жасау және т.б. үшін ұсынылады.

Автор(лар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін толық көлемде жауап береді.

Автор(лар) журналдың баспагерінің плагиат үшін қолжазбаны тексеруіне және басылым этикасын бұзудың басқа белгілеріне келісімін береді.

Автор(лар) редакциялық алқаға қолжазбаның негізгі ережелерін өзгертпейтін ғылыми және әдеби редакциялауды дербес жүзеге асыруға, қолжазбаға рецензия жүргізуге және қажетті түзетулер мен өзгерістер енгізуді ұсынуға рұқсат береді, бұл ретте қолжазбаны жариялау автор (авторлар) қажетті түзетулер мен өзгерістер енгізгеннен кейін ғана жүргізіледі.

Автор(лар) мақала безендірілуі мен мазмұны журнал талаптарына сай келмеген немесе қолжазбада Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және өзге де ресми құжаттарымен тыйым салынған мәліметтер бар, не болмаса ғылыми және/немесе жариялау этикасының принциптері бұзылған жағдайларда редакция алқасының мақаланы жариялаудан бас тартуға құқығы бар екенін мойындайды.

Автор(лар) басқа ғалымдармен немесе журналдың редакциялық алқасының мүшелерімен мүдделер қақтығысы бар/жоқ деп мәлімдейді. (Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, автордың қолжазбасын объективті бағалауға қандай себептер мүмкіндік бермейтінін, автордың пікірінше, қолжазбаны объективті бағалай алмайтын ғалымдардың аты-жөнін көрсету керек).

Автор (лар) журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау рәсімін, авторларға арналған нұсқаулықты, жарияланым этикасын қамтитын журналдың редакциялық саясатымен танысу туралы мәлімдейді.

3. Рецензенттер үшін:

Журналда жарияланған мақалалардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында жасырын рецензиялау процедурасы қолданылады (рецензент қолжазба авторларын білмейді, қолжазба авторлары рецензенттерді білмейді). Қолжазбалар бағалау үшін екі рецензентке жіберіледі.

Құқықтары:

- рецензиялау үшін ұсынылған қолжазбаның аңдатпасын сұратуға;
- аңдатпамен немесе қолжазбаның толық, дербестендірілмеген нұсқасымен танысқаннан кейін, рецензиялаудан бас тартуға;
- материалдың тақырыбы бойынша маман болмаса, бұл туралы редакцияны хабардар ете отырып, рецензиялаудан бас тартуға құқылы.

Міндеттері:

- алынған қолжазбаны құпия құжат ретінде қарастыру;
- алынған материалға объективті және дәлелді баға беру;
- рецензиялау барысында алынған және ықтимал артықшылықтарға байланысты ақпаратты немесе идеяларды құпия ұстау;
- мүдделер қақтығысы болған кезде қолжазбаларды қарауға қатыспау;
- өз жарияланымдарында жіберілген қолжазбада қамтылған материалдарды пайдаланбау.

4. Бас редактор үшін:

Құқықтар:

- редакцияның жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізуге;
- кәсіпорын директорының және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісінің оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- редакцияның күнделікті қызметін қамтамасыз ету мақсатында-оның құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;
- редакцияны ұйымдастыруға қатысты мәселелерді қарау кезінде алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға құқылы.

Міндеттері:

- басылымды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- редакцияның барлық қызметкерлерінің жұмысын басқару;
- басылым авторлары дайындаған мақалаларды редакциялау;
- қолжазбаларды редакциялауға және рецензиялауға бағыттау;
- материалдарды басып шығаруға дайындау;
- редакцияның жұмысы туралы есеп дайындауы тиіс.

Редакциялық алқа мүшелері:

- журналдың редакциялық алқасының отырыстарына қатысу, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісу/келіспеу бойынша өз шешімін айту, журнал нөмірлерінің мазмұнын айқындау бойынша шешімдер қабылдау;
- қолжазбалардың мазмұнын автордың авторлық ұжымның жынысына, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан бағалау;
- басылымға жіберілген материалдарды редакторлардың, рецензенттердің және қолжазбамен жұмыс істеуге тартылған басқа да қызметкерлердің өз жұмысында пайдаланбау;
- мүдделер қақтығысы болған кезде жариялауға берілген материалдарды қараудан бас тарту, сондай-ақ автордан мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпарат беруді талап ету.

Жарияланған мақалаларда өрескел қателер (формулалардағы қателер, техникалық себептер бойынша көрсеткіштер) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде орналастырылуы мүмкін.

5. Кемсітушілікке (дискриминацияға) және коммерциялық делдалдарға жол берілмейді

Журнал редакциясы теңдік пен жеке тұлғаға құрмет қағидаттарын басшылыққа алады.

Мақалаларда нәсіліне, ұлтына, тіліне, жынысына, жасына, дініне, саяси көзқарасына, әлеуметтік шығу тегіне немесе өзге де мәртебесіне қарай кемсітушілік сипаттағы пікірлер мен материалдарға жол берілмейді. Барлық қолжазбалар тек ғылыми сапасы, зерттеу өзектілігі және Журнал тақырыбына сәйкестігі тұрғысынан қаралады, авторлардың жеке ерекшеліктеріне тәуелсіз бағаланады.

Үшінші тұлғалармен немесе коммерциялық делдалдармен (мәтін жазу агенттіктері, «ғылыми» консалтингтік фирмалар және т.б.) *дайындалған* қолжазбалар редакциямен этикалық тұрғыдан «жол берілмейтін» деп

есептеледі. Автор(лар) зерттеуді жүргізу, мәтінді жазу және барлық қатысушылардың үлесін көрсету үшін жеке жауап береді.

Редакция мен редакциялық алқа авторлардан олардың зерттеуге және қолжазбаны дайындауға нақты қатысқанын растайтын қосымша материалдарды (авторлық үлеске түсіндірме, жоба туралы мәліметтер, жұмыс барысындағы хат-хабар және т.б.) талап етуге құқылы.

Егер мақала қабылданғаннан немесе жарияланғаннан кейін қолжазбаның іс жүзінде делдалдар арқылы дайындалғаны және (немесе) авторлықтың адал көрсетілмегені анықталса, бұл жарияланым этикасын өрескел бұзу ретінде қарастырылады және мақаланы ретракциялау (мақалаларды кері қайтарып алу) саясатына (15 бөлімді қараңыз) сәйкес мақаланы ретракциялауға негіз болып табылады.

15. Мақалаларды кері қайтару (ретракциялау)

Журнал редакциясы халықаралық жарияланым этикасының стандарттарын, атап айтқанда, Committee on Publication Ethics (COPE) ұсынымдарын басшылыққа алады.

Ретракция (мақаланы кері қайтарып алу) – жарияланған материалда ғылыми немесе жарияланым этикасының елеулі бұзылғаны, не болмаса зерттеу қорытындыларын сенімсіз ететін айқын қателер бар екендігі туралы редакция мен оқырмандарға ресми түрде хабарлау рәсімі. Ретракция кезінде мақала журнал мұрағатынан өшірілмейді, бірақ электрондық және баспа нұсқаларында «Ретракцияланды» деген белгімен және себептері көрсетіліп беріледі.

Мақаланы ретракциялау – академиялық адалдықтың елеулі құқықбұзушылықтар анықталған жағдайларда қолданылатын ресми рәсім. Оларға мыналар жатады:

- анықталған плагиат, жасырын мәтіндік/идеялық көшіріп алу, қайталама жарияланым;

- деректерді қолдан жасау (фабрикация) немесе бұрмалау (фальсификация)

- зерттеу нәтижелерінің түсіндірмесін түбегейлі өзгертетін елеулі әдістемелік немесе фактологиялық қателер;

- үшінші тұлғалардың құқықтарын (соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды) бұзу;

- маңызды мүдделер қақтығысын жасыру;

- редакция айқындаған немесе тәуелсіз сарапшылар растаған өзге де өрескел жарияланым этикасын бұзу жағдайлары.

- Ретракциялау рәсімін бастамашысы ретінде автор(лар), оқырмандар, рецензенттер, редакторлар, сондай-ақ зерттеуге қатысы бар ұйымдардың өкілдері бола алады. Ретракция туралы өтініш негіздемені және құжаттық дәлелдемелерді де қамтуы тиіс.

- Өтініш түскеннен кейін редакциялық алқа ішкі тексеріс жүргізеді, қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тартады және авторлардан түсіндірме

сұрайды. Тексеру қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

- кемшіліктерді ретракциясыз түзету мүмкін болса, түзетіп жариялау;
- мақаланы ретракциялау және ретракция туралы ресми хабарлама жариялау;

– жеткілікті негіздер болмаған жағдайда ретракциядан бас тарту.

Осындай жағдайларда жарияланған мақала ретракцияланады:

- журналдың электрондық және баспа нұсқаларында ретракция туралы хабарлама жарияланады;

- мақаланың метадеректерінде себептері көрсетіле отырып «РЕТРАКЦИЯЛАНДЫ» деген белгі қойылады;

- мақала сенімсіз дереккөз ретінде ғылыми айналымнан шығарылады.

- Ретракциялау жүргізілген жағдайда журналдың электрондық мұрағатында және метадеректерде «Ретракцияланды» деген белгі қойылады, ретракцияның себептері сипатталған және бастапқы мақалаға сілтеме берілген жеке хабарлама жарияланады. Мақала мәтіні ғылыми ашықтық пен адалдық мақсатында қолжетімді болып қала береді, бірақ оның сенімсіздігі туралы айқын ескерту қоса беріледі.

Автор тарапынан жариялау үшін төленген барлық төлемдер қайтарылмайды.

Ретракцияның мақсаты – ғылыми адалдықты сақтау, авторлық құқықты қорғау және ғылыми қауымдастықтың жарияланған материалдарға деген сенімін нығайту.

Журналдың ретракциялау саясаты Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (COPE) ұсынымдарына негізделген және жарияланатын материалдарға деген жоғары сенім деңгейін қолдауға, сондай-ақ ғылыми білімнің тұтастығын қорғауға бағытталған.

16. Жасанды интеллектті ғылыми мақалаларда қолдану ережелері

Редакция алқасы 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрыққа (2025 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен) сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №1 қосымшасының 5-тармағында көзделген қағидаттарды басшылыққа ала отырып, ғылыми жарияланымдарда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалану жөніндегі өз ұстанымын айқындайды.

БАҚ, коммуникация, журналистика, медиа саласы ерекшеліктерін және академиялық адалдық қағидаттарын ескере отырып, Редакция жауапты, этикалық және ашық ЖИ технологияларын пайдалану саясатын ұстанады.

Редакция ЖИ технологияларын тек көмекші мақсаттарда қолдануға рұқсат береді және төмендегі талаптардың қатаң сақталуын талап етеді:

1. Авторлар ЖИ технологиялары арқылы алынған ақпараттың дұрыстығы, қауіпсіздігі және этикалық тұрғыдан пайдаланылуы үшін жауапты болады.

2. Зерттеу нәтижелері, қорытындылары мен ұсынымдары авторлар тарапынан өз бетінше, ЖИ-дің ықпалынсыз тұжырымдалуы тиіс.

3. Авторлар ЖИ қолданылған жағдайда оны ашық көрсетуге міндетті:

- технология қай кезеңде және қандай мақсатпен қолданылғанын;
- алынған деректердің нақтылығы мен түсіндірмесін қалай тексергенін;

технология туралы мәліметтерді: атауы, әзірлеушісі (құқық иесі), нұсқасы, жүгіну және пайдалану күні.

Дереккөзге сілтеме үлгісі:

OpenAI (2023) ChatGPT (генеративті жасанды интеллект интерфейсі).

Қолжетімді: <https://chat.openai.com/chat> (Қаралған күні: 2025 жылғы 1 маусым).

4. ЖИ технологияларын қолдану туралы мәліметтің болмауы - олардың пайдаланылмағанының дәлелі ретінде қарастырылады.

5. ЖИ тек статистикалық деректерді өңдеу үшін (сауалнамалар, тесттер, зерттеу нәтижелері және т.б.) қолданылуы мүмкін.

Редакция келесі жағдайларда ЖИ технологияларын пайдалануға тыйым салады:

1. мақаланың кез келген бөлімін (аңдатпа, кіріспе, әдебиетке шолу, әдістеме, нәтижелер, талқылау, қорытынды, әдебиеттер тізімі) генерациялау үшін;

2. технология туралы мәліметтерді (атауы, нұсқасы, иесі, жүгіну күні) ашпай қолдану кезінде;

3. плагиатты анықтау жүйелерін айналып өту немесе плагиатты жасыру мақсатында;

4. өзге авторлардың мәтіндері мен идеяларын бұрмалап, немдену мақсатында;

5. 13 жасқа дейінгі балалар қатысатын зерттеулерде, этикалық шектеулерге және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау қажеттілігіне байланысты;

6. нақты зерттеу жүргізбестен жалған эксперименттік деректер жасау үшін.

Редакция ЖИ технологияларын пайдалану ашық, шектеулі және академиялық этика қағидаттарына сәйкес болуы тиіс екенін атап өтеді. Бұл ереже авторлық еңбектің сақталуын және жарияланымның ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді.

17. Редакция мекен жайы:

010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік ғимараты. Тел: (7172) 709-500 (ішкі 35-302), journalism@enu.kz

18. Төлемақы

1. Төлем мақаланы жариялау сәтінде қолданыста болатын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің полиграфиялық және баспа қызметтері құнының прейскурантына сәйкес жүргізіледі.

2. Жылдық жарияланымға жазылым: жазылымды ресімдеген авторлар әр мақаланы жеке төлейді, бірақ жылына екі рет жариялануға құқық алады. Мақала тек антиплагиат тексерісінен, 2 анонимді рецензиялау рәсімінен өткеннен кейін және редакциялық алқаның оң шешімі болған жағдайда ғана жарияланады.

Реквизиттер:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
БИН 010140003594

1) «Банк ЦентрКредит» АҚ

Банк БИК: KСJBKZKX

ИИК: KZ978562203105747338

Кбе 16

Кнп 859 - за статью

2) «Bank RBK» АҚ

Банк БИК: KINCKZKA

ИИК: KZ498210439858161073

Кбе 16

Кнп 859 - за статью

3). **Kaspi.kz** > Төлемдер > Білім > Қосымша білім беру > Ұйымды таңдаңыз (Вестник ЕНУ)

1. Автор аты-жөні

2. Автор ЖСН

3. Журнал сериясын таңдаңыз (Журналистика)

4. Сомасы



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-ns/4.00>)

19. Лицензиялау

«Gumilyov journal of sociology» ғылыми журналы **Creative Commons Attribution – Non Commercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0)** лицензиясы бойынша тегін негізде өз мазмұнына тікелей ашық қолжетімділікті ұсынады. Авторлар авторлық құқығын сақтайды, мақала авторлығын көрсетіп, осы журналға сілтеме жасаған жағдайда материалды еркін көшіруге, таратуға мүмкіндігі бар.

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректоры
Е.Б. Сыдықовқа

ІЛЕСПЕ ХАТ

Авторлар осы хатты басшылыққа ала отырып, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы» журналына «МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ» мақаланың автор(лар)ы АВТОР(ЛАР)ДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ ғылыми мақаласын жариялауда ешкімнің авторлық құқығын бұзбағаны жөнінде кепілдік береді. Авторлар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журнал баспасына шектеусіз мерзімде келесідей айрықша құқықтарды ұсынады:

- мақаланы шығару құқығы (жариялауға, таратуға, көбейтуге, тираждауға немесе мақаланың басқа да көбеюлеріне), даналар таралымының шектеусіздігіне, мақаланы кез келген жолмен тарату құқығын береді. Сонымен қатар, бұндай жағдайда, мақаланың әрбір данасында автор(лар)дың аты-жөні болады;

- мақаланы құрама жұмысқа енгізу құқығы;

- жалпыға жария ету құқығы;

- мақалалардың метадеректерін пайдалану құқығы (атауы, автор(лар)-дың аты-жөні (авторлық құқық иесі), андатпалар, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.). Осы арқылы, мақалаларды жалпыға жариялау және жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорларға және ақпараттық жүйелерге, оның ішінде мақаланың жарияланған толықмәтінді нұсқаларын енгізу құқығы.

Мақаланы қолдану құқығының аумағы шектелмеген.

Сондай-ақ, автор(лар) журнал баспасына сақтау және жеке деректерді мерзімсіз өңдеу құқығын береді (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы, жұмыс орны және лауазымы жайлы мәлімет). Дербес деректер оларды сақтау және әртүрлі дерекқорларда және ақпараттық жүйелерде өңдеу, оларды аналитикалық және статистикалық есептілікке қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен және т.б. негізделген өзара байланысын құру үшін ұсынылады.

Автор(лар)ға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін толық көлемде заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік міндеттеледі. Автор(лар) журнал баспасына мақаланы плагиат мәніне тексеруге келісімін береді.

Автор(лар) мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және жіберілмейтінін растайды.

Орынд.: Автор(лар)дың аты-жөні

*Ілеспе хат мекеменің ресми бланкісінде рәсімделеді және мекеме басшысының қолы қойылады (ЖОО үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі жетекшілік етуші проректор).

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті авторларының Ілеспе хатын факультет деканы растайды.